

ӘОЖ 347.9(574)
GTAMP 10.07.61

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАТОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Спатай Алтынбекович Сартаев

Заң ғылымдарының кандидаты, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>; Scopus Author ID: 57200080901

Маншук Женисбаевна Калшабаева¹

PhD докторы, «Құқық» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті; Алматы қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: manshuk.1981@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9578-5020>; Scopus Author ID: 59171087700

Аннотация. Дамудың жаңа кезеңіндегі Қазақстандағы дауларды балама шешу мәселесі өте күрделі, ауқымды және салааралық сұрақ болып табылады.

Дауларды реттеудің тәсілдері ретінде балама рәсімдерді қазіргі уақыттағы әлемнің экономикалық жағынан дамыған барлық елдерінде пайда болып, белсенді түрде қолданылып жатқан құқықты соттан тыс қорғау нысаны деп анықтауға болады. Дауларды балама шешудің келіссөздер, медиация, партисипативті рәсім сияқты тәсілдері Заң тұрғысынан бекітілсе де тәжірибеде кеңінен қолданылып кете қойған жоқ.

Соның ішінде медиацияның құқықтық реттелуінің ішінде ең өзекті мәселе болып медиатордың құқықтық мәртебесін анықтау болып табылады. Өйткені татуластыру рәсімдерінің маңызды, орталық субъектісі медиатор болып табылады. Медиатор (лат. тілінен аударғанда *medius* — орта, орталық; лат. *mediātor* — делдал) — медиация рәсімін жүргізу арқылы адамдар, ұйымдар арасында пайда болған, шешілуді талап етілетін конфликтілерді реттеуге әсер ету, көмектесу үшін шақырылған маман болып табылады. Медиатор даудың шешілу жолдары бойынша, үдерісі бойынша пікірі мен көзқарастарын білдірмейді, дау бойынша шешім шығармайды. Ол дау тараптарына екеуіне де қолайлы болатын шешімге келуге көмектеседі. Конфликтілерді реттеудің балама әдістерінің тиімділігі көп жағдайда олардың біліктілік деңгейіне байланысты.

Осыған байланысты мақалада медиацияның орталық тұлғасы медиатордың құқықтық жағдайы мен қызметінің ерекшеліктері талданады. АҚШ, Германия, Грузия ж.т.б. бірқатар шет елдердің заңдарына сәйкес медиатордың құқықтық жағдайларымен тәжірибесіне салыстырмалы шолу жасалады. Медиатордың құқықтық жағдайына байланысты құқықтық және тәжірибелік мәселелер мен оны шешу жолдарын анықтауға талпыныс жасалады.

Түйінді сөздер: медиация, медиатор, кәсіби медиатор, қоғамдық медиатор, медиаторлық рәсім, татуластыру рәсімдері, дауды шешудің балама тәсілі.

ОСОБЕННОСТИ ПРАВОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕДИАТОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Сартаев Спатай Алтынбекович

Кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>; Scopus Author ID: 57200080901

¹ Хат-хабарларға арналған автор

Калшабаева Маншук Женисбаевна

Доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Право», Казахский национальный аграрный исследовательский университет; г. Алматы, Республика Казахстан; e-mail: manshuk.1981@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9578-5020>; Scopus Author ID: 59171087700

Аннотация. Проблема альтернативного разрешения споров в Казахстане на новом этапе развития представляет собой очень сложный, масштабный и междисциплинарный вопрос.

В качестве методов разрешения споров альтернативные процедуры можно определить как форму внесудебной защиты права, которая возникла и активно применяется сегодня во всех экономически развитых странах мира. Альтернативные методы разрешения споров, такие как переговоры, медиация, партисипативная процедура, закреплены Законом, но пока не получили широкого распространения на практике.

Среди них наиболее актуальным вопросом правового регулирования медиации является определение правового положения медиатора. Потому что медиатор является важным, центральным субъектом примирительных процедур. Медиатор (в переводе с лат. *medius* — середина, центр; лат. *mediator* — посредник) — специалист, приглашенный для воздействия и помощи в разрешении конфликтов, возникших между людьми и организациями и требующих разрешения путем проведения процедуры медиации. Медиатор не выражает своего мнения и взглядов на способы разрешения спора, на процесс и не принимает решения по спору. Это помогает спорящим сторонам прийти к взаимоприемлемому решению. Эффективность альтернативных методов разрешения конфликтов во многом зависит от уровня квалификации медиатора.

В связи с этим в статье анализируется правовое положение и особенности деятельности медиатора, как центральной фигуры медиации. В статье сделан сравнительный обзор правового положения медиатора и особенности медиативных процедур в соответствии с законодательством США, Германии, Грузии и др. Предпринимается попытка определить правовые и практические проблемы и пути их решения, связанные с правовым положением медиатора.

Ключевые слова: медиация, медиатор, профессиональный медиатор, общественный медиатор, медиативная процедура, примирительные процедуры, альтернативный способ разрешения споров.

FEATURES OF THE LEGAL STATUS AND ACTIVITIES OF A MEDIATOR IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Sartayev Spatay Altynbekovich

Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Theory and History of State and Law, Constitutional and Administrative Law of KazNU al-Farabi; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: Spatay.Sartaev@kaznu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>; Scopus Author ID: 57200080901

Kalshabayeva Manshuk Zhenysbayevna

PhD, Senior Lecturer at the Department of Law, Kazakh National Agrarian Research University; Almaty c., Republic of Kazakhstan; e-mail: manshuk.1981@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9578-5020>; Scopus Author ID: 59171087700

Abstract. The problem of alternative dispute resolution in Kazakhstan at a new stage of development is a very complex, large-scale and interdisciplinary issue.

As methods of resolving disputes, alternative procedures can be defined as a form of extrajudicial protection of rights that has arisen and is actively used today in all economically developed countries of the world. Alternative methods of dispute resolution, such as negotiations, mediation, and participatory procedures, are enshrined in the Law, but they have not become widespread in practice yet.

Among them, the most pressing issue of the legal regulation of mediation is the determination

of the legal status of the mediator. Because the mediator is an important, central subject of conciliation procedures. A mediator (translated from Latin medius - middle, center; Latin mediator - intermediary) is a specialist invited to influence and assist in resolving conflicts that have arisen between people and organizations and require resolution through the mediation procedure. The mediator does not express his opinion and views on the methods of resolving the dispute, on the process and does not make decisions on the dispute. This helps the disputing parties reach a mutually acceptable solution. The effectiveness of alternative methods of conflict resolution largely depends on the level of qualifications of the mediator.

In this regard, the article analyzes the legal status and features of the activities of the mediator as the central figure of mediation. The article provides a comparative overview of the legal status of the mediator and the features of mediation procedures in accordance with the laws of the USA, Germany, Georgia, etc. An attempt is made to identify legal and practical problems and ways to solve them related to the legal status of the mediator.

Keywords: mediation, mediator, professional mediator, public mediator, mediation procedure, conciliation procedures, alternative method of dispute resolution.

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_108

Кіріспе

Медиация дауларды шешудің балама тәсілдерінің бірі болып табылады. Бірқатар шетелдердің құқықтық тәжірибесімен салыстырғанда медиация институты ұлттық құқықтық жүйеде салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылғанымен аталған татуластыру рәсімі көптеген ұлттық құқықтық кеңістікте белсенді түрде дамып, таралып жатыр. Бұл өз кезегінде рәсімнің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы тәжірибелік маңызы мен қажеттілігін білдіреді. Медиация институтының отандық құқықтық жүйеде құқықтық түрде рәсімделгеніне қарамастан заң шығарушымен тәжірибелік мәні бар бірқатар сұрақтар бойынша өзгерістер енгізілді.

Алайда медиация рәсімінің отандық заң саласында даму мәселелері бойынша зерттеулер медиацияның құқықтық регламенттелуінде елеулі мәселелердің барын көрсетеді. Медиацияның құқықтық реттелуінің ішінде ең өзекті мәселе болып медиатордың құқықтық мәртебесін анықтау болып табылады. Өйткені татуластыру рәсімдерінің маңызды субъектісі және конфликтілерді реттеудің балама әдістерінің тиімділігі көп жағдайда медиаторлардың кәсіпқойлылық деңгейіне байланысты. Қазақстан Республикасындағы медиаторларды оқыту мәселесіне байланысты, оларға қойылатын талаптар бойынша мәселелер бар.

Татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдануды қамтамасыз ету үшін заңдарды әрі қарай жетілдіру маңызды болып табылады. Ол өз кезегінде дауларды шешудің балама әдісінің осы түрінің кеңінен тәжірибелік қолдануына әсер етеді.

Әдістер мен материалдар

Мақалада Қазақстан Республикасындағы медиацияның орталық тұлғасы медиатордың құқықтық жағдайы мен қызметінің ерекшеліктері талданып, бірқатар шет елдердің медиаторларының құқықтық жағдайына байланысты тәжірибесіне салыстырмалы шолу жасалады.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының медиация туралы заңы, медиация институтын зерттеп жүрген ғалымдардың ғылыми еңбектері мен бірқатар шет мемлекеттерінің медиация туралы заңдары мен ғылыми еңбектеріне шолу жасалып материалдары қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін қазіргі заманғы құқықтану доктринасы, танымның диалектикалық-материалистік әдісі, сондай-ақ логикалық, жүйелік-құрылымдық, нақты-әлеуметтанулық, сонымен қатар талдау және синтез әдістері құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі - жалпы ғылыми принциптерге және қолданбалы-теориялық зерттеулерді құру тәсілдеріне сәйкес мақалада қарастырылған тақырыпқа қатысты түсіндірілген құқықтық ғылымның негізгі ережелері болып табылады.

Талқылау және нәтижелер

Қазақстан Республикасының медиация рәсімі туралы Заңы медиаторлар мен медиация рәсімін өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдардың құқықтық мәртебесін бекітеді және оларға белгілі-бір талаптар қояды.

Заңға сәйкес медиациямен медиатор айналысады, яғни тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған,

медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады².

Заң медиацияның кеңінен таралуына жағдайлар жасай отыра, медиацияның кәсіби және кәсіби емес негізінде айналысуға мүмкіншілік береді. Қазақстан Республикасында медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) де және қоғамдық негізде (қоғамдық медиатор) де жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоғамдық медиаторларға заң екі талап қояды: ол қырық жасқа толуы керек және қоғамдық медиаторлар тізімінде болуы тиіс. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыра алады.

Ал кәсіби медиаторларға қойылатын талаптар қоғамдық медиаторларға қойылатын талаптардан қатаңырақ болып табылады. Заңның 9 бабының 4 тармағына сәйкес жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 ж 14 маусымдағы №244 «Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту қағидаларын бекіту туралы»³ бұйрығына сәйкес оқудан өткендігін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар кәсіби медиаторлар бола алады. Сондай-ақ, отставкадағы судьялар тізілімінде тұрған отставкадағы судьялар да медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыра алады.

Қазақстанда медиаторлардың бірыңғай тізілімі жүргізілмегендіктен қазіргі таңда олардың саны туралы дәп басып айту қиын. Алайда түрлі деректерде медиаторлар санының өзгеру динамикасы байқалады. Мысалы 2019 жылда Қазақстанда 371 кәсіби медиатор, 4465 қоғамдық медиатор тіркелген⁴. Ал 2021 жылғы мәліметтерге сәйкес 3041 қоғамдық медиатор және 400 кәсіби медиатор болған⁵.

Осы орайда медиатордың еңбек құқығы тұрғысынан мәртебесіне тоқталып өтсек. Жалпы медиация – кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды және оны заңда тікелей тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерімен бірге жүзеге асыра беруге болады. Медиатор сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркеле алмайды.

Кәсіби медиатордың жұмысшы ретіндегі мәртебесі Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 79, 485 баптарында айқындалған⁶. Заң бойынша кәсіби медиатор адвокаттық қызмет, нотариаттық қызмет, жеке сот орындаушылық қызметтермен қатар жеке практикамен айналысушылар санатына енгізілген. Аталған заңның 79 бабына сәйкес жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін сервистік бағдарламалық өнімдер арқылы электрондық нысанда ұсынылған, жеке тұлғаның жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтініші негізінде жүргізіледі. Салық органдары салықтық өтініш алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қоюды жүргізеді.

Жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік салықты республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төленетін күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде өзі үшін және айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінде әрбір жұмыскер үшін есептейді.

Ендігі жерде заңда тікелей көрсетілген медиатор қызметтеріне шектеулерге тоқтасқ. Біріншіден мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалар медиатор бола алмайды. Өйткені медиация – азаматтық қоғамның тәу-

² «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762 (жүзінген күні: 12.11.2023).

³ Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқитудан өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 244-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32854 болып тіркелді // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032854> (жүзінген күні: 30.11.2023).

⁴ Статистика проведения медиаций в Казахстане. Что знают Казахстанцы о медиации. // URL: <https://mediator.kz/onas/news/statistika-provedeniya-mediacij-v-kazahstane#> : (дата обращения: 05.12.2023).

⁵ ИТОГОВЫЙ АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ в рамках реализации социального государственного проекта на тему: Применение института медиации для разрешения социальных вопросов и сохранения стабильности и согласия в обществе. // URL: <https://c-mediation.kz/wp-content/uploads/2021/11/%D0%98%D1%82%D0> (дата обращения: 14.12.2023)

⁶ Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (жүзінген күні: 05.12.2023).

елсіз институты болып табылады. Мұндай жағдайда мемлекеттік қызметті медиативті қызметпен сабақтастыру мүмкін емес. Олар билік өкілдері болып табылады және мемлекеттік қызметші статусы белгілі бір шектеулер қояды және дауларды реттеуде тәуелсіз медиаторлар ролінде шыға алмайды.

Занда көрсетілген келесі шектеулер: ол заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адам, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын және заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Ғылыми әдебиеттерде медиатордың қызметінің бірқатар қағидаларға сүйене отырып жүргізілетіні жөнінде айтылады. Олар: өзара сыйластық, тараптардың дербестігі, медиаторлардың кәсібилігі және бейтараптылығы, медиацияның ашықтығы және жауапкершіліктілігі [1, р. 22].

Дэвид А. Хоффман көптеген түрлі жинақтар мен кодекстерде кездесетін, медиация түсінігінде қалыптасып қалған мынадай этикалық қағидаларды бөліп қарастырады:

1) мүдделер қайшылығына жол берілмеушілік қағидасы (медиаторлар өздері тікелей жеке кәсіби немесе қаржылай мүдделі дауларды реттеуге қатысудан аулақ болуы керек); аталған қағиданы қолдану медиатордың дауды шешуде жанама мүдделі болғанның өзінде де өте күрделі болып табылады.

2) медиаторлар өз мүмкіндіктерінің шегін білуге міндетті яғни шамасы, білімі жетпейтін дауды шешуге кіріспеуі шарт, сондай-ақ тараптарға өз білімі мен тәжірибесі жөнінде ашық айту мүмкіндігі болуы керек. Бұл өз кезегінде дау тараптарының белгілі-бір салада дауды реттеу дағдысы мен тәжірибесі бар басқа медиаторға жүгінуіне мүмкіндік береді.

3) медиаторлардың медиация үдерісінің басталғанынан аяғына дейін бейтараптылығы.

4) еріктілік қағидасы. Дау тараптарының медиацияға жүгінуі міндетті болғанының өзінде, оларда қай сәтте болмасын шығып кету құқығы болуы керек. Басқаша айтқанда тіптен міндетті медиацияда да тараптардың міндеті ерікті негізде қатысу және шешім жөнінде келісімге келу үшін бар күш-жігерін салу болып табылады.

5) құпиялылық қағидасы. Автордың пікірінше аталған қағида маңызды екі аспектіге ие: біріншіден, медиаторлар медиация рәсімінің құпиялылығын үшінші тұлғаларға

қатысты қамтамасыз етуге міндетті, екіншіден медиатор дауда талқылау үшін тараптардың әрқайсысымен кездескенде ол жеке талқылауда айтылған ақпараттарды құпияда ұстауды қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар медиаторда тараптардың ақпарат құпиялылығын шектейтін ақпараттың бар екендігін жеткізу міндеті де бар. Мысалы балаларға қатысты аса қатыгездікпен қарау немесе қылмыс жасауды жоспарлау.

6) зиян келтірмеу қағидасы да медиация этикасы қағидаларына жатқызылады (мысалы, кейбір адамдар эмоцияналды тұрақсыз болады, бұл өз кезегінде медиация рәсімін психологиялық тұрғыда қауіпті етеді; ал кейбіреулері дауды шешуге психологиялық тұрғыда дайын емес жағдайда келеді; медиаторлар медиация рәсімін жүзеге асырғанда осындай факторларды назарға алулары керек).

7) тәуелсіздік қағидасы. Ешкімге өз пікірін таңбай дау тараптарына өз шешімдерін қабылдауда қолдау және көмектесу медиация рәсімінің бір негізі болып табылады.

8) ақпараттану келісімі қағидасы. Бұл қағида тараптардың саналы түрде таңдауы болған кезде ғана олардың мүддесіне сай дауды өздігінше шешуімен түсіндіріледі. Медиатор қағида бойынша ақпараттардың қайнар көзі ретінде қатыспайды, ол тараптар жеткілікті түрде мәліметтерге ие екеніне көз жеткізсе болды және егер мәліметтер жеткіліксіз болса медиатор ақпаратты қалай алуға болатындығы жөнінде ақпараттандыруы тиіс.

9) медиатордың міндеті дауды шешу үшін ұсынылып отырған нұсқаның үшінші тұлғаларға зиян келтірмейтіндігіне көз жеткізу.

10) медиаторлардың адалдығы, шынайылығы яғни өзінің біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ медиация рәсімінің аспектілері жөнінде шынайы ақпараттар айтуы [2].

Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы қағидасына сәйкес медиатор оның қарым-қатынасы бейтарап және әділ болып табылатын рәсімдерге ғана қатысуға құқығы бар. Осыған байланысты қарастырылып отырған қағида медиаторға бірқатар міндеттер мен тыйымдар жүктейді:

Дауласушы тараптардың субъективті көзқарастарына негізделген

алалаушылықтан, сондай-ақ олардың элементтік жағдайы немесе медиация рәсімі кезіндегі мінез-құлықтары бойынша алдын-ала көзқарас қалыптастырудан алшақ

болуы керек;

Тараптардың қай жағына болмасын басымдықтар берілмеуі керек;

Оның тәуелсіздігі мен бейтараптығына әсер ететін қандай да жағдайлар туралы хабарлауға міндетті.

біржақтылық немесе әділетсіздік туралы әсер қалдыратын кез келген мәлімдеме немесе әрекетке жол бермеуі керек;

дауласушы тараптардың пайдасына немесе оларға қарсы ақпараттар жинауға болмайды;

дұрыс немесе әділеттілік тұрғысынан тараптардың әрекеттеріне баға берілмеуі тиіс;

конфликт мәні бойынша өз пікірін таңбауы тиіс;

медиация тараптарының теңдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы келіссөздердің конструктивті жүруіне септігін тигізеді, өйткені әдетте дауласушы тараптар бөгде адамдардың көзінше қарым-қатынастың деструктивті әдістерін пайдаланудан тартынады. Сондай-ақ тараптар өз мәселелерін бейтарап үшінші тұлғалардың қатысуымен талқылауды мақұл көреді [3, с. 36].

Медиаторлардың жүріс-тұрысының Еуропа кодексінде тәуелсіздік және бейтараптылық қағидасы бөліп қарастырылатынын айта кету керек⁷, алайда өзара байланысты ретінде бекітіледі. Кодекске сәйкес медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы медиация нәтижелеріне деген кез-келген мүдделіліктің, жеке және іскерлік қатынастың болмауымен, сонымен қатар тараптардың біреуінің мүддесіне әрекет етуді болдырмаумен қамтамасыз етіледі. Бейтараптылық өз кезегінде тараптардың әрқайсысына абсолютті түрде объективті болу мен оларда медиатордың қызметі туралы оң көзқарас қалыптастырудан көрінеді.

Осы орайда медиатордың кәсіпқойлылығы қағидасы назар аударатын мәселе болып табылады. Ол медиаторға заң бойынша қойылатын талаптардан көрініс табады. Медиатордың қызметі кәсіпқой негізде және қоғамдық негізде жүзеге асырылатынын айттық. Осыған байланысты медиатордың кәсіпқойлығы қағидасы бойынша қоғамдық медиаторларға қатысты мәселе туындайды. Заңға сәйкес оларға қатысты екі ғана талап қойылған. 40 жастан асуы керек және медиаторлар тізімінде болуы тиіс. Ал кәсіби

медиаторлар 25 жасқа толған және жоғары білімі бар, арнайы сертификаты бар, медиаторлар тізімінде тұрған адамдар бола алады. Яғни қандай да арнайы жоғары білім талап етілмейді. Кез келген мамандық иелері медиатор болуға құқылы. Медиатордың мәртебесін былайша анықтау біздің ойымызша шалағай, үстіртін. Конфликтілерді шешу үшін заң білімінен басқа да білімдер мысалы психология, экономика, медицина, құрылыс ж.т.б салалардағы білімдер маңызды болуы мүмкін, алайда медиатор үшін құқықтық білім өте қажет деп ойлаймыз.

Сондай-ақ медиаторлардың біліктілігін көтеру жөніндегі талаптардың болмауы да өз кезегінде медиацияның дамуына кедергі болатын себептердің бірі. Медиатор сапалы қызмет көрсетуі үшін келіссөздер жүргізу техникасы саласында, сондай-ақ мемлекеттегі өзгерістер мен толықтыруларға жиі ұшырайтын заңнама саласында да біліктілігін көтеріп отыруы қажет. Медиаторлардың біліктілігін көтеру талаптары туралы нормалар Қырғызстан, Молдова, Беларуссия мемлекеттерінің заңдарында қарастырылған.

Кәсіби медиатор болып конфликтінің мазмұндық және құқықтық жақтары туралы жақсы түсінікке ие, сондай-ақ психология/конфликтологияда дағдысы бар тұлғалар болуы керек деген пікірдеміз. Сонымен қатар медиатордың шеберлігі оның делдал ретінде дайындығы деңгейіне, жеке қасиеттері мен қабілеттеріне де тәуелді.

Медиацияның қағидалары медиатор қызметінің бағдары, оның функцияларын жүзеге асыруда өзіндік шеңбер болып табылады.

Заң медиаторлардың өзін-өзі реттеу ұйымдарына қатысты қызметтерді ғана қарастырып, медиаторлардың қызметін нақты анықтай қойған жоқ. Олар медиаторлардың Еуропалық жүріс-тұрыс кодексінде де бекітілмеген. Осыған байланысты әрі қарай медиатордың мәртебесіне қызметтік талдау доктриналды қайнар көздер арқылы жүргізіледі.

Конфликтологиялық әдебиеттерде медиаторлардың қызметтерінің ішінен мыналар шығады: ұйымдастырушылық, аналитикалық, бақылау, сондай-ақ белсенді тыңдау, идеялар ұсыну, ресурстарды кеңейту, психологиялық жай-күйді сақтау және оқыту [4, с. 145].

Ең алдымен медиатор медиацияны ұйымдастырушы болып табылады, ол келіссөз-

⁷ *Европейский Кодекс поведения медиаторов.* // URL: <https://mediation-eurasia.pro/wp-content/uploads/2018/04/evropejskij-kodeks-povedenija-dlja-mediatorov.pdf?ysclid=lrvtub19xm926585565> (дата обращения: 25.12.2023).

дер жүргізу үшін орын дайындайды, тараптарға регламент анықтауға және әрі қарай оны ұстануға көмектеседі, қол жеткізілген келісімнің орындалуын және тараптар арасындағы қатынастың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар медиатор конфликтіні талдаушысы ролін атқарады. Ол конфликтіні тыңғылықты зерттеуі қажет және тараптарды да осыған жетелеуі керек. Медиатордың конфликтіні талдау үдерісіндегі міндеті тараптарға олардың ұстанымдарының артында қандай мүдде жатқанын көрсету, тараптарға олардың мүдделерінің бір жерден шығуы мүмкін жаңа ұстанымдар құруға көмектесу. Талдау барысында медиатор тараптарға конфликтіге, оның келешекте реттелуіне, тараптардың басымдықтары мен мүдделеріне жаңаша көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Медиатор конфликтінің мазмұндық және эмоционалды құрылымын және оның шешілу үдерісін түсіну және бақылау үшін белсенді тыңдаушы болуы керек. Белсенді тыңдау сөйлеушімен кері байланыс орнатады, ақпарат жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ рәсімнің жүргізілуіне көңілі толмаушылық болғанда тараптардың сезімін бекітеді.

Медиатор талдау және белсенді тыңдау қызметтерін жүзеге асыра отыра тараптарға қажетті ақпараттар жеткізеді немесе оны өздігінше табуға көмектеседі. Бұл ретте ол тараптар жеткізген ақпараттарға қандай-да бір түсіндіру жұмыстарын жүргізуге құқығы жоқ, алайда белгілі-бір ақпарат көздеріне немесе мамандарға жүгінуге кеңестер бере алады.

Тәжірибелі медиатор тараптардың сөздерінен ғана емес, сондай-ақ олардың түр сипатынан, көзқарастарынан, интонацияларынан, қимылдарынан ж.т.б. ақпарат ала алады [5, с. 86].

Медиатор сондай-ақ тараптарды шешімге келуге жетелейтін идеялар генераторы ретінде де қарастырылады. Ол тараптарға конфликтіні реттеу нұсқаларын таңуға құқығы жоқ, алайда оның мүмкін болар бағыттарын ұсына алады.

Сонымен қатар медиатор қолайлы психологиялық климатты қолдайды. Бұл қызметті жүзеге асыру келіссөздер жүргізу барысында міндетті түрде «жұмсақ» атмосфераны қалыптастырады дегенді білдірмейді, алайда рәсімнің барлық қатысушыларының

іс-әрекеттері адамның қадір-қасиетіне зиян келмейтіндей конструктивті болуы керек.

Бақылау қызметін атқара отырып медиатор мәлімдемелердің, ресурстар мен келіссөздердің шынайылығын қамтамасыз етеді. Келіссөздерді аяқтай келе ол тараптардың келіссөздегі ұсынар барлық талаптарын анықтап алғанына көз жеткізуі керек. Өз кезегінде тараптар да оның талаптарын толықтай қабылдап, уақытылы өз міндеттемесін орындауы қажет.

Медиатор тараптарды серіктестік келісімге яғни серіктестік жөніндегі келісімге үйретуге қабілетті. Конфликт қатысушыларының көпшілігі осындай үйретуге мұқтаж болып табылады. Оларға өз мүдделерін максималды мүмкін болатын деңгейде қанағаттандыратын шешімді табуға көмек көрсету керек.

Жоғарыда айтылғандар негізінде медиатор қызметтерінің тізімін ынталандырушылық қызметімен толықтыруға болады. Өйткені медиатор тараптарды аналитикалық ойлауға, ақпараттар іздеуге, конфликтілерді шешудің жаңа нұсқаларын табуға және келіссөздер барысында дұрыс мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға жетелейді.

Қазақстан Республикасының медиаторларының қызметінің ерекшеліктерін анықтауда салыстырмалық әдісті қолдану маңызды болып табылады. Осыған орай бірқатар шет мемлекеттерінің заңдары бойынша медиаторға қойылатын кәсіби талаптарды қарастырып өтсек.

Шет ел тәжірибесінде олардың нормативтік актілерінде бекітілген медиаторға қойылатын бірінші кезекте азаматтық, әрекет қабілеттілік, соттылықтың болмауы және жас шамасына, біліміне қойылатын бірқатар талаптар мен шектеулер бар. Мысалы, АҚШ-та медиацияның нормативті негізі болып «2001 жылғы медиацияның Біркелкі АКТІСІ» табылады⁸. АҚШ та медиатор ретінде лицензиялаудан өтуді қалайтын үміткерлер үшін түрлі талаптар бар. Медиатор жеке тәртіпте кез-келген штатта лицензиясыз, сертификатсыз және тіркеусіз тәжірибеден өтуіне рұқсат етілген. Медиатор сертификатын интернет арқылы сертификатталған делдалдардың Ұлттық ассоциациясы бағдарламасының көмегімен алуға болады, яғни орта білімі бар, сәйкес курсты сәтті аяқтай отырып медиатор қызметімен айналысуға болады.

⁸ США. Единый Акт о медиации 2001 года. // URL: <http://rusmediator.narod.ru/index/0-65> (дата обращения: 05.01.2024).

Алайда жекелеген штаттарда өздерінің жергілікті актілері әрекет етеді, мысалы «Мичиган штатының батыс округындағы федералды соттарда қолданылатын делдалдық ережелерін» айтуға болады. Ол бойынша медиатор ретінде Мичиган штатының батыс округінде тұратын, заң білімі міндетті, кемінде бес жылдық тәжірибесі бар тұлға бол алады. Аталған ережелер жас шамасына да, тұлғаның аталған жерде қанша уақыт тұруы жөнінде де ешқандай шектеулер қоймайды.

Сотпен тағайындалған медиаторларға қойылатын талаптар қатаңдау. Кейбір штаттар медиаторларға үміткерлерге аккредиттелген заң мектебінде құқық докторы ғылыми дәрежесін алуды және өз штаттарында адвокат емтиханын тапсыруын талап етеді. Енді бір штатта әлеуметтік жұмыстар магистрлік дәрежесі барларды отбасылық делдалдық саласында жұмыс атқаруы үшін медиаторлыққа алады. Кейбір штаттар ғылыми дәрежеге емес, сәйкес жұмыс тәжірибесінің болуына назар аударады.

Сонымен қатар түрлі штаттарда сотпен тағайындалған медиаторлардың үздіксіз кәсіби дамуда болуын қадағалап, талап етеді. Мысалы Айдахо штатында мұндай тұлғалар әр 3 жыл сайын АҚШ тағы іскерлік конфликтілерді медиация көмегімен реттеу бойынша 5 сағаттық үздіксіз курстан өтіп отыруы қажет. Мэриленд штатында медиатордан жылына 1 рет 4 сағаттық курстан өтіп отыруды талап етеді. Миннесотада медиаторлар әр 3 жыл сайын 18 сағаттық тұрақты түрде өткізілетін курсты оқуы қажет. Штаттар үкіметі медиаторларға имунитет қалыптастыратын сот ережелері мен прецеденттік құқық енгізді. Бұл имунитет медиация көмегімен коммерциялық дауларды шешу кезінде орын алатын теріс қылықтар үшін азаматтық жауапкершіліктің көп бөлігінен оқшаулайды.

Штаттарда медиация үдерісін реттейтін бірыңғай жүйедегі басқарушы орган жоқ. Алайда медиатордың жүріс-тұрыс стандарттары бар. Бұл стандарттар мүдделер конфликтілеріне жол берілмеушілікті реттейді⁹.

Австрияда АҚШ-қа қарағанда Федералды заңында медиаторларға қойылатын талаптар нақты көрсетілген. Олар: жасы 28

ден асқан, сенімді, кәсіпқой біліктілігі бар, заңдарға сәйкес өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған адам медиатор қызметімен айналыса алады¹⁰. Мұндағы «сенімділік» талабы құқықтық актілерде ешқандай критерийлермен түсіндірілмейді.

Грузияда медиаторлар реестріне кез-келген, алдын сотталмаған, Грузия медиаторлар қауымдастығында 40 сағаттық дайындық курсынан өткен тұлға енуі мүмкін. (Алдын медиаторларды CEDR сияқты атақты шетелдік компаниялардың сарапшылары оқытатын). Аталған ұйым медиаторларды дайындау, біліктілігін көтеру және сертификаттаумен айналысады¹¹.

Германияда арнайы заң білімі бар заңгерлерден басқалары заң кеңесін бере алмайды. Сондықтан егер медиатор заңгер болмаса онда ол заңгер – медиатордың қатысуымен бірлескен медиация өткізуі тиіс. Медиатор болып 120 сағат оқытудан өткен тұлғалар ғана бола алады. Сондай-ақ сертификатталған медиатор 4 жыл ішінде 40 сағаттық біліктілік көтеру курсынан өтуі тиіс. Қазіргі уақытта Германияда медиативті қызметпен айналысу үшін қандай да мемлекеттік немесе басқа да нормативті талаптар жоқ. Соған байланысты адвокаттардан басқа кез-келген тұлға өзін медиатор деп атауына болады. Сондай-ақ медиаторлардың қандай да бір ұйымда міндетті аккредитация талабы жоқ. Ал заң кәсібі өкілдеріне қатысты басқа ережелер бар. Адвокат өзін медиатор ретінде тек қана медиация саласында білім алған жағдайда ғана айтуға болады (Федералды адвокаттар қауымдастығы Кәсіби практикасы Ережесі, 7 а – бөлімі) [6]. Сертификатталған медиатор өз қызметін жарнамалауға құқылы. Медиатордың әр ұйымы сертификаттау үшін өз біліктілік стандарттарын белгілеуге құқылы. (көптеген ұйымдар 200 сағат дайындықты көздейтін стандарттарға ие).

Медиаторлардың жүріс-тұрыс Еуропа Кодексінде (European Code of Conduct for Mediators) медиаторларға мынадай минималды талаптар қойылған: құзіреттілік, медиация саласындағы қажетті білім, тиісті оқу және медиация саласындағы теориялық және тәжірибелік дағдыларды тұрақты түрде жетілдіріп отыру, жеткілікті түрде жұмыс тәжірибесі, тәуелсіздік және бейтараптылық [6].

⁹ *Choosing a Mediator in the USA - IQ DECISION* // URL: <https://iqdecision.com/en/usa-choosing-a-mediator/> (date of reference: 11.01.2024).

¹⁰ *Астрия. Федеральный закон о медиации в гражданских делах.* // URL: <http://rusmediator.narod.ru/index/0-66> (дата обращения: 18.01.2024).

¹¹ *Закон Грузии О медиации.* // URL: <https://www.matsne.gov.ge/ru/document/view/4646868?publication=2> (дата обращения: 22.01.2024).

Көршілес Ресей заңдары бойынша медиатор қызметімен кәсіпқой негізде 25 жастан асқан, жоғары білім бар, медиация рәсімін қолдану бойынша арнайы білім алған тұлға айналыса алады. Бүгінгі күнде заң кәсібіндегі мынадай қызметкерлер: судьялар, адвокаттар, нотариустар сондай-ақ отставкадағы судьялар, мемлекеттік қызметкерлер медиаторлық қызметпен айналыса алмайды¹².

Жоғарыда келтірілген мемлекеттердің медиаторларға қойылатын талаптарын және бұл елдердегі медиацияның қарқынды даму жолын ескере отырып келесідей қорытындыға келуге болады. Мысалы АҚШ та адамдар медиаторлар қызметіне жүгінгенде олар көбінесе заңгер білімі бар медиаторларды қалайды екен. Сонымен қатар көптеген штаттарда медиатордың заң білімі талап етіледі. Осы орайда біздің пікірімізше бұл дұрыс талап. Біздің заңдар бойынша кәсіпқой медиаторларға жоғары білім талап етіледі. Жоғары заң білімі міндетті емес. Алайда медиатор құқықтық даумен жұмыс жасайды. Медиатор құқықтық даудың шешімін табуға құқылы болмағанымен тараптарға келісімге келуге, құқықтық даудың барысы мен нәтижесі жөнінде көзқарас қалыптастыруы керек. Ол үшін медиаторға терең құқықтық білім керек. Осы орайда мысал ретінде АҚШ та медиатор кез-келген кәсіп және біліктілік саласындағы адам болуы мүмкін екендігін, заң білімі жоқ адамдар да медиатор ретінде көптеп кездесетінін айта кету керек. Алайда тәжірибеде заң саласында белгілі бір тәжірибесі мен білімі бар тұлғалар сұранысқа ие екен [7, с. 69]. Дауласушы тараптардың мақсаты өзара тиімді, өзара қанағаттандырылған шешімге келу екенін ескерсек, оларға кәсіби тұрғыда көмек бере алатын маманның заң білімі болуы қажет деген пікірдеміз.

Қазақстанда бүгінде Қазақстанда қазіргі тәжірибеде медиаторларды дайындау курсы екі бағытта жүзеге асырылады: медиаторларды дайындаудың жалпы курсы 48 сағаттан кем болмауы керек; 50 сағаттан кем емес арнайы мамандандыру курсы, яғни түрлі салалар бойынша медиаторлар дайындау курсы бойынша дайындалады. Салыстырмалы негізде алып қарасақ бұл өте аз. Біздің ойымызша осы сағат көлемін ұлғайтып, одан әрі медиаторлардың үздіксіз, жыл сайын біліктілігін көтеру курстарынан өтіп отыруын міндеттеу керек.

Қорытынды

Қорыта келе медиатор татуластыру рәсімдерінің негізгі тұлғасы болып табылатынын және конфликтілерді балама түрде шешу әдістерінің тиімділігі мен сәтті қызмет етуі олардың кәсіби деңгейіне байланысты екені анық. Қазақстан Республикасында татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдануды жетілдіру және қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнама жетілдірілу үстінде. Соның ішінде медиаторға қатысты мәселелер де бар. Жоғарыда келтірілген ақпараттарды қорыта келе төмендегідей тұжырымдар жасалады.

1. Біздің заңдар бойынша кәсіпқой медиаторларға жоғары білім талап етіледі. Жоғары заң білімі міндетті емес. Алайда медиатор құқықтық даумен жұмыс жасайды. Медиатор құқықтық даудың шешімін табуға құқылы болмағанымен тараптарға келісімге келуге, құқықтық даудың барысы мен нәтижесі жөнінде көзқарас қалыптастыруы керек. Ол үшін медиаторға терең құқықтық білім керек. Дауласушы тараптардың мақсаты өзара тиімді, өзара қанағаттандырылған шешімге келу екенін ескерсек, оларға кәсіби тұрғыда көмек бере алатын маманның заң білімі болуы қажет деген пікірдеміз.

2. Медиаторларды дайындаудың жалпы курсы 48 сағаттан кем болмауы керек; 50 сағаттан кем емес арнайы мамандандыру курсы, яғни түрлі салалар бойынша медиаторлар дайындау курсы бойынша дайындалады. Салыстырмалы негізде алып қарасақ бұл өте аз. Біздің ойымызша осы сағат көлемін ұлғайтып, одан әрі медиаторлардың үздіксіз, жыл сайын біліктілігін көтеру курстарынан өтіп отыруын міндеттеу керек.

3. ҚР салық кодексімен медиаторлар нотариус, адвокат, жеке сот орындаушылары секілді жеке практикамен айналысушы мәртебесіне ие болғандықтан олардың қызметі де қандай да мемлекеттік реттелуге тиіс. ҚР «Медиация туралы» заңы медиация саласы бойынша қандай да уәкілетті органның барын қарастырмайды. Бүгінгі күнде Қазақстанда медиаторлар қызметін реттеу бойынша уәкілеттілікті мемлекеттік органдардың біріне беру жөніндегі мәселе белсенді талқылануда. Италия, Қытай, Үндістан, Белоруссия, Молдова сияқты бірқатар елдерде медиацияны үйлестіруші орган ретінде Әділет министрлігі танылады. Әдетте уәкілетті органға бағдарламаларды, медиа-

¹² Федеральный закон от 27.07.2010 г. № 193-ФЗ Об альтернативной процедуре урегулирования споров с участием посредника (процедуре медиации). // URL: <http://www.kremlin.ru/acts/bank/31539> (дата обращения: 30.01.2024).

ция саласындағы нормативті актілерді дайындау және үйлестіру, медиаторларды дайындау сапасын бақылау, аттестацияланған медиаторлардың бірыңғай тізілімін жүргізу қызметтері жүктеледі. Мысалы Беларусь елінде медиатор сертификатты Әділет министрлігінен ала алады, ал Ресейде медиаторларды оқыту орталықтары лицензиялануға жатады. Олар Білім министрлігінен лицензия алып, мамандарды дайындайды.

Біздің елімізде медиаторлық сертификатты кез-келген ұйымнан алуға болады. Ол ұйымдардың қызметі лицензияланбайды. Кейбір ұйымдар формалды түрде бере салуы да мүмкін. Ал мұндай жағдайлар медиатордың, оның қызметінің кәсібилік деңгейі мен қабілетіне үлкен күмән тудыратыны анық.

Авторлардың қосқан үлесі

С.А. Сартаев зерттеу әдістемесіне жауапты. Кіріспе мен қорытынды жазды. Статистикалық деректерге талдау жүргізді.

М.Ж. Калишабаева нәтижелер мен талқылауға жауапты. Библиографиялық дереккөздерді өңдеді және талдады. Әдебиет пен транслитерацияны рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТ

1. Isaenkova O.V. *The development of mediation in Russia: Problems and Prospects* // *Matters of Russian and International Law*. – 2013. - № 8. - P. 9-29.

2. Hoffman D.A. *Ten principles of mediation ethics* // *Alternatives to the High Cost of Litigation*. // URL: https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/uz/Mediation_ru.pdf (date of reference: 30.01.2024).

3. Купцова О. В., Здоровинина Н. В. Медиатор в урегулировании юридических конфликтов: от исходных начал к функциональному анализу // *Вестник Мордовского университета. Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки*. - 2014. - № 4. – С. 34 - 40.

4. Аллаhverдова О.В. Медиация как социально-психологический феномен // *Вестник С-Пб. университета. Международные отношения*. – 2022. - № 6. – С. 151-158.

5. Свободный Ф.К. Профессиональное общение медиатора: этапы и приёмы // *Гражданское общество и правовое государство*. – 2021. - №2. – С. 68-73.

6. Исмаилова Р. Обзор практики внедрения медиации в 5 ведущих странах по АМРС по рейтингу «Ведение бизнеса». // URL: https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/uz/Mediation_ru.pdf (дата обращения: 01.02.2024).

7. Иллуев А.Г. Внедрение медиации как средства внесудебного разрешения споров в российскую правовую реальность // *Юридический вестник Дагестанского государственного университета*. – 2013. - №3. – С. 67-71.

REFERENCES

1. Isaenkova O.V. *The development of mediation in Russia: Problems and Prospects* // *Matters of Russian and International Law*. – 2013. - № 8. - P. 9-29.

2. Hoffman D.A. *Ten principles of mediation ethics* // *Alternatives to the High Cost of Litigation*. // URL: https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/uz/Mediation_ru.pdf (date of reference: 30.01.2024).

3. Kuptsova O. V., Zdorovinina N. V. Mediator v uregulirovanii juridicheskikh konfliktov: ot ishodnykh nachal k funktsionalnomu analizu // *Vestnik Mordovskogo universiteta. Gumanitarnye, socialno-ekonomicheskie i obshchestvennye nauki*. - 2014. - № 4. – S. 34 - 40.

4. Allahverdova O.V. Mediatsiya kak socialno-psihologicheskii fenomen // *Vestnik S-Pb. universiteta. Mezhdunarodnye otnosheniya*. – 2022. - № 6. – S. 151-158.

5. Svobodnyi F.K. Professionalnoe obshchenie mediatora: etapy i priyomy // *Grazhdanskoe obshchestvo i pravovoe gosudarstvo*. – 2021. - №2. – S. 68-73.

6. Ismailova R. Obzor praktiki vnedreniya mediatsii v 5 vedushhih stranah po AMRS po reitingu «Vedenie biznesa». // URL: https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/migration/uz/Mediation_ru.pdf (data obrashheniya: 01.02.2024).

7. Illuev A.G. Vnedrenie mediatsii kak sredstva vnesudebnogo razresheniya sporov v rossijskuyu pravovuyu realnost // *Yuridicheskii vestnik Dagestanskogo gosudarstvennogo universiteta*. – 2013. - №3. – S. 67-71.